

2019-2021 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының бюджетін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 34/193 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 10 қаңтарда № 5186 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік кодексінің 75-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағы 1) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2019-2021 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының бюджеті сәйкесінше 1, 2, 3 қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2019 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер 5 753 968,4 мың теңге;
салықтық түсімдер 470 211 мың теңге;
салықтық емес түсімдер 7 649,2 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер 14 656 мың теңге;
трансферттер түсімі 5 261 452,2 мың теңге;
 - 2) шығындар 5 767 083,9 мың теңге;
 - 3) таза бюджеттік кредиттеу 31 597,9 мың теңге;
бюджеттік кредиттер 60 600 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу 29 002,1 мың теңге;
 - 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо 0 мың теңге;
қаржы активтерін сатып алу 0 мың теңге;
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер 0 мың теңге;
 - 5) бюджет тапшылығы (профициті) - 44 713,4 мың теңге;
 - 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) 44 713,4 мың теңге
- ;
- қарыздар түсімі 60 600 мың теңге;
қарыздарды өтеу 29 002,1 мың теңге;
бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары 13 115,5 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 03.09.2019 № 41/241 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 07.11.2019 № 43/252 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан

облысы Есіл ауданы мәслихатының 05.12.2019 № 44/258 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

1-1. Аудан бюджетінің шығындарында бюджеттік қаражаттың бос қалдықтары есебінен қаржылық жылдың басына қалыптасқан 2018 қаржылық жылда республикалық бюджеттен бөлінген 52,1 мың теңге сомада және облыстық бюджеттен 7,8 мың теңге сомада "Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару" 459006 бюджеттік бағдарламасы бойынша бөлінген 59,9 мың теңге сомадағы пайдаланылмаған нысаналы трансферттерді қайтару 11 қосымшаға сәйкес қарастырылсын.

Ескерту. Шешім 1-1-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 03.04.2019 № 38/218 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1-2. Аудан бюджетінде қаржылық жылдың басына қалыптасқан қаражаттың бос қалдықтары есебінен 13 055,6 мың теңге сомада шығындар 12 қосымшаға сәйкес қарастырылсын.

Ескерту. Шешім 1-2-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 03.04.2019 № 38/218 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1-3. Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының 2019 жылға арналған бюджетінде мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар жұмысшыларының, азаматтық қызметкерлердің бөлек санаттарының, қазыналық кәсіпорындар жұмысшыларының еңбекақы төлемдерін арттыруға аудан бюджетінен ауылдық округтер бюджеттеріне берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер көлемі 4 354 мың теңге сомада қарастырылсын, соның ішінде:

Покровка ауылдық округі 580 мың теңге;

Корнеевка ауылдық округі 562 мың теңге;

Явленка ауылдық округі 3 212 мың теңге.

Аталған трансферттерді бөлу "2019-2021 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының бюджетін бекіту туралы" Есіл ауданы мәслихатының 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 34/193 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Есіл ауданы мәслихатының шешімін жүзеге асыру туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің қаулысымен анықталады.

Ескерту. Шешім 1-3-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 03.04.2019 № 38/218 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 28.05.2019 № 39/229 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 07.11.2019 № 43/252 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

1-4. Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының 2019 жылға арналған бюджетінде аудан бюджетінен Покровка ауылдық округі бюджетіне берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер көлемі 2 000 мың теңге сомада қарастырылсын.

Аталған трансферттерді бөлу "2019-2021 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының бюджетін бекіту туралы" Есіл ауданы мәслихатының 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 34/193 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Есіл ауданы мәслихатының шешімін жүзеге асыру туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің қаулысымен анықталады.

Ескерту. Шешім 1-4-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 03.04.2019 № 38/218 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1-5. 2019 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының бюджетінде республикалық бюджеттен ауылдық округ бюджеттеріне әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің бөлек санаттарының еңбекақы төлемін ұлғайтуға арналған нысаналы ағымдағы трансферттер көлемі 3 120 мың теңге сомаға қарастырылсын.

Аталған трансферттерді бөлу "2019-2021 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының бюджетін бекіту туралы" Есіл ауданы мәслихатының 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 34/193 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Есіл ауданы мәслихатының шешімін жүзеге асыру туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің қаулысымен анықталады.

Ескерту. Шешім 1-5-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 28.05.2019 № 39/229 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. 2019 жылға арналған аудандық бюджеттің кірісі Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік кодексінің 52 бабына сәйкес, салықтық және салықтық емес түсімдері есебінен құрылатыны белгіленсін.

3. 2019 жылға аудандық бюджеттен облыстық бюджетке салық түсімдерінің жалпы сомасын бөлу келесілер есебінен белгіленсін:

төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша – 100 пайыз;

төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша – 100 пайыз;

әлеуметтік салық бойынша – 16 пайыз.

4. 2019 жылға аудандық бюджетке салық түсімдерінің жалпы сомасын бөлу келесілер есебінен белгіленсін:

төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша – 100 пайыз;

әлеуметтік салық бойынша – 84 пайыз.

5. Аудандық бюджеттің кірістері негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер есебінен құрылатындығы белгіленсін:

аудандық бюджеттен қаржыландырылатын, мемлекеттік мекемелерге бекітіп берілген мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін ақша;

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер.

6. Аудандық бюджеттің түсімдері аудандық бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеуден түскен түсімдер есебінен құралатындығы белгіленсін.

7. Облыстық бюджеттен аудандық бюджетке берілетін 2019 жылға трансферттер (субвенциялар) көлемі – 2 998 914 мың теңге, 2020 жылға – 3 011 419 мың теңге, 2021 жылға – 3 024 507 мың теңге қарастырылсын.

8. 2019 жылы аудандық бюджеттен ауылдық округ әкімдері аппараттарының бюджеттеріне берілетін бюджеттік субвенциялар көлемі 43002 мың теңге сомада белгіленсін, соның ішінде:

Корнеевка ауылдық округіне – 3 764 мың теңге

Покровка ауылдық округіне – 7 589 мың теңге;

Явленка ауылдық округіне – 31 649 мың теңге.

9. 2019 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттің нысаналы трансферттерінің түсімдері есепке алынсын, соның ішінде:

1) алып тасталды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 28.05.2019 № 39/229 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен;

2) алып тасталды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 28.05.2019 № 39/229 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен;

3) алып тасталды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 28.05.2019 № 39/229 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен;

4) алып тасталды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 28.05.2019 № 39/229 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен;

5) алып тасталды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 28.05.2019 № 39/229 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен;

6) алып тасталды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 28.05.2019 № 39/229 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен;

7) Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсартуға, соның ішінде:

мүгедектерді міндетті түрдегі тазалық заттарымен қамтамасыз ету нормаларын ұлғайтуға;

техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар тізбесін кеңейтуге;

мүгедектерге қызмет көрсетуге бағытталған ұйымдардың орналасқан жерлерінде жол белгілерін және бағыттаушыларды орнатуға;

8) еңбек нарығын дамытуға, соның ішінде:

акпараттық жұмыс;
еңбекақы төлемін бөлшектеп жәрдемақылау;
көшуге жәрдемақы ұсыну;
жастар тәжірибесі;
үйді жалға алуға (жалдауға) және коммуналдық шығындардың орнын толықтыруға;
жұмыс берушілердің жәрдемақыларына;
жаңа бизнес-бастамаларды жүзеге асыруға көшіп келгендерге гранттар.

9) жұмыспен қамту орталықтарында әлеуметтік жұмыстар бойынша кеңесшілерді және көмекші енгізуге:

көмекшілердің еңбек төлеміне;
әлеуметтік жұмыстар бойынша кеңесшілердің еңбек төлемдеріне;

10) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлемдеріне;

11) көлік инфрақұрылымының басым жобаларын қаржыландыруға;

12) Явленка ауылында Ибраев көшесі, 111 бойындағы инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым мен үлгілі қазандығы бар 27 пәтерлі тұрғын-үй құрылысы;

13) алып тасталды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 28.05.2019 № 39/229 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен;

14) білім беру объектілерінің күрделі жөндеулеріне;

15) бастауыш, негізгі және жалпы білім ұйымдарының мұғалімдері мен педагог-психологтардың еңбекақы төлемдерін ұлғайтуға;

16) мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге;

17) әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің жекелеген санаттарының жалақысын көтеруге;

18) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 13 қарашадағы № 746 Қаулысымен бекітілген Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жұмыс күші артық өңірлерден қоныс аударушыларға тұрғын-үй сатып алуға.

Республикалық бюджеттің көрсетілген нысаналы трансферттерін бөлу "2019-2021 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының бюджетін бекіту туралы" Есіл ауданы мәслихатының шешімін жүзеге асыру туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің қаулысымен анықталады.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерістер енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 28.05.2019 № 39/229 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 30.07.2019 № 40/237 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.09.2019 № 41/241 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

9-1. 2019 жылға арналған Есіл ауданының бюджетінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан нысаналы трансферттер қарастырылсын, соның ішінде:

- 1) жастарға, аз қамтылған және көп балалы отбасылардың мүшелеріне, еңбекке жарамды мүгедектерге бизнес-идеяларды жүзеге асыруға мемлекеттік гранттар ұсыну;
- 2) қысқа мерзімді кәсіби оқулармен қосымша қамтылуды қамтамасыз ету;
- 3) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеміне.

Аталған трансферттерді бөлу "2019-2021 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының бюджетін бекіту туралы" Есіл ауданы мәслихатының 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 34/193 шешіміне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Есіл ауданы мәслихатының шешімін жүзеге асыру туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің қаулысымен анықталады.

Ескерту. Шешім 9-1-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 30.07.2019 № 40/237 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

10. 2019 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттің нысаналы трансферттерінің түсімдері есепке алынсын, соның ішінде:

- 1) оқулықтарды сатып алу және жеткізуге;
- 2) малдардың энзоотиялық ауруларына қарсы алдын алу іс-шараларын жүргізуге;
- 3) алып тасталды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 30.07.2019 № 40/237 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен;
- 4) мобильдік орталықтардағы оқуларды бірге қосқандағы, еңбек нарығында сұранымға ие кәсіптер бойынша жұмыс кадрларының қысқа мерзімді кәсіби оқуларына ;
- 5) мүгедектерге қызмет көрсетуге бағытталған ұйымдардың орналасқан жерлерінде жол белгілерін және бағыттаушыларды орнатуға;
- 6) алып тасталды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 30.07.2019 № 40/237 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен;
- 7) алып тасталды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 30.07.2019 № 40/237 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен;
- 8) Горный ауылындағы ЖЖ-10/0,4 кВ және ЖТҚС 10/0,4 кВ электржелілерін қайта жаңарту;
- 9) Есіл ауданының Ибраев көшесі, 111 бойынша инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды және модульдік қазандығы бар 27 пәтерлі тұрғылықты үй құрылысына;
- 10) Есіл ауданының Заречный ауылдық округінің Луговое-Чириковка ауылдарындағы сумен жабдықтау жүйесінің ағымдағы жөндеуі;
- 11) Есіл ауданының Петровка ауылдық округінің Петровка ауылындағы сумен жабдықтау жүйесінің ағымдағы жөндеуі;

- 12) Есіл ауданының Алматы ауылдық округінің Өрнек ауылындағы су тарату жүйесінің ағымдағы жөндеуі;
- 13) Есіл ауданының Амангелді ауылдық округінің Амангелді ауылындағы су тарату жүйесінің ағымдағы жөндеуі;
- 14) Есіл ауданының Заречный ауылдық округінің Қарағаш ауылындағы су тарату жүйесінің ағымдағы жөндеуі;
- 15) Есіл ауданының Спасовка ауылдық округінің Спасовка ауылындағы су тарату жүйесінің ағымдағы жөндеуі;
- 16) Биожанармайдағы 1 су жылыту қазандығын сатып алу;
- 17) 50 текше метрлі 15 киловатты 3 желілік сорғыш сатып алу;
- 18) Полиуретанды көбікті құбырларды сатып алу;
- 19) Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету бойынша шараларды жүзеге асыру;
- 20) Қоныс аударушыларға жаңа бизнес бастамаларды іске асыруға гранттар төлеуге ;
- 21) 2 қозғалтқышы бар түтін сорғыш сатып алу;
- 22) Қоныс аударушылар мен оралмандарға үйді жалдау (жалға беру) бойынша шығындардың орнын толықтыруға арналған жәрдемақы.

Облыстық бюджеттің көрсетілген нысаналы трансферттерін бөлу "2019-2021 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының бюджетін бекіту туралы" Есіл ауданы мәслихатының шешімін жүзеге асыру туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің қаулысымен анықталады.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерістер енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 30.07.2019 № 40/237 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.09.2019 № 41/241 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 07.11.2019 № 43/252 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 05.12.2019 № 44/258 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

11. 2019 жылға арналған аудандық бюджетте мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын жүзеге асыруға арналған республикалық бюджеттің бюджеттік кредиттер есепке алынсын.

Республикалық бюджеттің көрсетілген нысаналы трансферттерін бөлу "2019-2021 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының бюджетін бекіту туралы" Есіл ауданы мәслихатының шешімін жүзеге асыру туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің қаулысымен анықталады.

12. 2019 жылға арналған аудандық бюджетте 164 000 мың теңге сомада шығындар қарастырылсын, келесілерге байланысты:

жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жинағын енгізу мерзімінің 2018 жылдан 2020 жылға ауысуына – 109 225 мың теңге;

міндетті түрдегі әлеуметтік медициналық сақтандыруларға жұмыс берушілердің аударымдары бойынша мөлшерлердің азаюына – 54 775 мың теңге.

13. 2019 жылға арналған аудан бюджетінде жергілікті атқарушы органдардың қарызына қызмет көрсетуге және облыс бюджетінен борыштар бойынша басқа да төлемдерге арналған шығындар 37,2 мың теңге сомада қарастырылсын.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 05.12.2019 № 44/258 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

14. 2019 жылы мемлекеттік қызметкерлердің, мемлекеттік қызметкерлер болып табылмайтын мемлекеттік мекемелердің қызметшілерінің және қазыналық кәсіпорын жұмысшыларының еңбекақы төлемдерін төлеу толық көлемде қамтамасыз етілсін.

15. 2019 жылда ауылдық жерлерде тұратын және азаматтық қызметкерлер болып табылатын әлеуметтік қамсыздандыру, білім, мәдениет, спорт, ветеринария, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар облыстарының мамандарына қалалық жағдайда осы қызмет түрлерін атқаратын азаматтық қызметкерлердің жалақыларымен салыстырғанда лауазымдық жалақылары мен тарифтік мөлшерлері жиырма бес пайызға ұлғаюмен қарастырылсын.

16. Бюджеттік бағдарламалар аясында Есіл ауданының ауылдық округтері бойынша 2019-2021 жылдарға арналған шығындар 4, 5, 6 қосымшаларға сәйкес белгіленсін.

17. 2019-2021 жылдарға арналған ауылдық округтер аясында мемлекеттік басқару органдарына трансферттер 7, 8, 9 қосымшаларға сәйкес белгіленсін.

18. 2019 жылға арналған жергілікті бюджетті орындау барысында жергілікті бюджеттік бағдарламалар секвестрге жатпайтындығы 10 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

19. 2019 жылға арналған Есіл ауданының жергілікті атқарушы органның резерві 18 795 мың теңге сомада бекітілсін.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 03.09.2019 № 41/241 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 07.11.2019 № 43/252 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 05.12.2019 № 44/258 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

20. "Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі мыналарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

1) осы шешімді "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мемлекеттік тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның мемлекеттік және орыс тіліндегі қағаз және электрондық түріндегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат

орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалы – Солтүстік Қазақстан аймақтық құқықтық ақпарат орталығына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін жолдауды;

3) осы шешімді ресми жариялағаннан кейін Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды.

21. Осы шешім 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енеді.

Солтүстік Қазақстан облысы
Есіл ауданы мәслихаты
сессиясының төрағасы

П. Гольцер

Солтүстік Қазақстан облысы
Есіл ауданы мәслихатының
хатшысы

А. Бектасова

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы
мәслихатының 2018 жылғы 26 желтоқсандағы №
34/193 шешіміне 1 - қосымша

2019 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының бюджеті

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 03.09.2019 № 41/241 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 07.11.2019 № 43/252 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 05.12.2019 № 44/258 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

| Санаты | Сыныбы | Кіші сыныбы | Атауы | 2019 жыл сомасы (мың теңге) |
|--------|--------|-------------|-----------------------------------|-----------------------------|
| | | | 1) Кірістер | 5 753 968,4 |
| 1 | | | Салықтық түсімдер | 4 70 211 |
| | 01 | | Табыс салығы | 17 317 |
| | | 2 | Жеке табыс салығы | 17 317 |
| | 03 | | Әлеуметтік салық | 2 41 718 |
| | | 1 | Әлеуметтік салық | 2 41 718 |
| | 04 | | Меншікке салынатын салықтар | 1 00 833 |
| | | 1 | Мүлікке салынатын салықтар | 49 031 |
| | | 3 | Жер салығы | 6 550 |
| | | 4 | Көлік құралдарына салынатын салық | 43 400 |

| | | | | |
|---|----|---|---|-------------|
| | | 5 | Бірыңғай жер салығы | 1 852 |
| | 05 | | Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар | 1 06 443 |
| | | 2 | Акциздер | 2 084 |
| | | 3 | Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер | 96 990 |
| | | 4 | Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар | 7 369 |
| | 08 | | Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер | 3 900 |
| | | 1 | Мемлекеттік баж | 3 900 |
| 2 | | | Салықтық емес түсімдер | 7 649,2 |
| | 01 | | Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер | 3 173,2 |
| | | 5 | Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер | 3 055 |
| | | 7 | Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар | 37,2 |
| | | 9 | Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер | 81 |
| | 02 | | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер | 404 |
| | | 1 | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер | 404 |
| | 04 | | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | 1 470 |
| | | 1 | Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | 1470 |
| | 06 | | Басқа да салықтық емес түсімдер | 2 602 |
| | | 1 | Басқа да салықтық емес түсімдер | 2 602 |
| 3 | | | Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер | 14 656 |
| | 01 | | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату | 169 |

| | | | | |
|-------------------|-------------------------------------|------------|--|-----------------------------|
| | | 1 | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату | 169 |
| | 03 | | Жерді және материалдық емес активтерді сату | 14 487 |
| | | 1 | Жерді сату | 14 433 |
| | | 2 | Материалдық емес активтерді сату | 54 |
| 4 | | | Трансферттердің түсімдері | 5 261 452,2 |
| | 02 | | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 5 261 452,2 |
| | | 2 | Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер | 5 261 452,2 |
| Функционалдық топ | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | 2019 жыл сомасы (мың теңге) |
| | | | 2) Шығындар | 5 767 083,9 |
| 01 | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 4 12 762,2 |
| | 112 | | Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты | 21 061 |
| | | 001 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 21 061 |
| | 122 | | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты | 1 16 653,2 |
| | | 001 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 1 16 653,2 |
| | 123 | | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты | 1 68 278 |
| | | 001 | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 1 64 478 |
| | | 022 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 3 800 |
| | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 70 737 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 49 737 |
| | | 013 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 21 000 |
| | 459 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі | 36 033 |
| | | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттын қалыптастыру мен | |

| | | | | |
|----|-----|-----|---|----------------|
| | | 001 | дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 32 734 |
| | | 113 | Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 2 000 |
| | | 003 | Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу | 938 |
| | | 010 | Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару , жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу | 361 |
| 02 | | | Қорғаныс | 11 607 |
| | 122 | | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты | 11 607 |
| | | 005 | Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар | 8 035 |
| | | 006 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою | 2 864 |
| | | 007 | Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің , сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар | 708 |
| 03 | | | Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі | 881 |
| | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 881 |
| | | 021 | Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету | 881 |
| 04 | | | Білім беру | 3 312 733,8 |
| | 123 | | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты | 3 866 |
| | | 005 | Ауылдық жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру | 3 866 |
| | 464 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі | 3 262 594,8 |
| | | 009 | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету | 135 359 |
| | | 015 | Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынғы ақшалай қаражат төлемі | 6 535 |
| | | | | |

| | | | | |
|----|-----|-----|---|--------------|
| | | 029 | Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету | 15 845 |
| | | 003 | Жалпы білім беру | 2 769 760 |
| | | 006 | Балаларға қосымша білім беру | 41 915 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 1 9 411,7 |
| | | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 230 333,1 |
| | | 004 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру | 7 409 |
| | | 005 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу | 36 027 |
| | 465 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі | 46 273 |
| | | 017 | Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру | 46 273 |
| 06 | | | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру | 461 856,4 |
| | 451 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі | 413 813 |
| | | 002 | Жұмыспен қамту бағдарламасы | 146 774,5 |
| | | 004 | Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету | 6 378,2 |
| | | 005 | Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек | 117 876,5 |
| | | 007 | Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек | 17 546,7 |
| | | 014 | Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету | 70 883 |
| | | 017 | Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну | 4 535 |
| | | | | |

| | | | | |
|----|-----|-----|---|-----------|
| | | 023 | Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету | 37 792 |
| | | 050 | Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту | 1 2 027,1 |
| | 464 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі | 1 4 308,5 |
| | | 008 | Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында оқитындар мен тәрбиеленушілерді қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүру түрінде әлеуметтік қолдау | 3 327,5 |
| | | 030 | Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу | 9 313 |
| | | 032 | Уақытша отбасына берілген шалғайдағы елді мекендерде тұратын мектеп жасындағы балаларды бағып-қағу | 1 668 |
| | 451 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі | 3 3 158,9 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 29 628 |
| | | 011 | Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу | 2 250 |
| | | 010 | Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету | 1 280,9 |
| | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 576 |
| | | 050 | Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту | 576 |
| 07 | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 588 390,9 |
| | 123 | | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты | 7 1 279,3 |
| | | 008 | Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру | 1 798 |
| | | 014 | Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру | 6 9 481,3 |
| | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 7 1 421,9 |
| | | | | |

| | | | | |
|----|-----|-----|---|--------------|
| | | 012 | Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі | 26 137 |
| | | 015 | Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру | 5 026 |
| | | 016 | Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету | 3 875 |
| | | 018 | Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру | 15,9 |
| | | 026 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін қолдануды ұйымдастыру | 10 000 |
| | | 028 | Коммуналдық шаруашылығын дамыту | 26 368 |
| | 472 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі | 445 689,7 |
| | | 003 | Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау | 199 754,5 |
| | | 004 | Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру | 500 |
| | | 098 | Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу | 245 435,2 |
| 08 | | | Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік | 172 753 |
| | 123 | | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты | 14 555 |
| | | 006 | Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау | 14 555 |
| | 465 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі | 12 423 |
| | | 006 | Аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) деңгейде спорттық жарыстар өткізу | 613 |
| | | 007 | Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы | 11 810 |
| | 455 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі | 100 246 |
| | | 003 | Мәдени-демалыс жұмысын қолдау | 48 845 |
| | | 006 | Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі | 50 930 |
| | | 007 | Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту | 471 |
| | 456 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі | 6 152 |
| | | 002 | Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер | 6 152 |
| | 455 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі | 14 220 |
| | | | | |

| | | | | |
|----|-----|-----|---|---------------|
| | | 001 | Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 11 720 |
| | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 2 500 |
| | 456 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі | 16 622 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 12 369 |
| | | 003 | Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру | 4 253 |
| | 465 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі | 8 535 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 8 535 |
| 10 | | | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары | 1 52 742,5 |
| | 459 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі | 2 3 422,5 |
| | | 099 | Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру | 2 3 422,5 |
| | 462 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі | 29 669 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 29 669 |
| | 473 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі | 86 994 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 11 483 |
| | | 006 | Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру | 167 |
| | | 007 | Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру | 1 487 |
| | | 008 | Алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу | 2 763 |
| | | 009 | Жануарлардың энзоотиялық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүргізу | 5 523 |
| | | 010 | Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу | 7 142 |

| | | | | |
|----|-----|-----|--|-------------|
| | | 011 | Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу | 58 429 |
| | 463 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі | 12 657 |
| | | 001 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 12 657 |
| 11 | | | Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі | 15 358 |
| | 472 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі | 15 358 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 15 358 |
| 12 | | | Көлік және коммуникация | 3 86 706 |
| | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 3 86 706 |
| | | 023 | Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 7 622 |
| | | 051 | Көлік инфрақұрылымының басым жобаларын іске асыру | 3 79 084 |
| 13 | | | Басқалар | 42 651 |
| | 469 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі | 11 691 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 11 691 |
| | 123 | | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты | 4 691 |
| | | 040 | Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру | 4 691 |
| | 459 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі | 26 269 |
| | | 012 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві | 18 795 |
| | | 026 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 4 354 |
| | | | | |

| | | | | |
|-------------------|------------------------------------|------------|--|-----------------------------|
| | | 066 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің жекелеген санаттарының жалақысын көтеруге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 3 120 |
| 14 | | | Борышқа қызмет көрсету | 37,2 |
| | 459 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі | 37,2 |
| | | 021 | Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету | 37,2 |
| 15 | | | Трансферттер | 2 08 604,9 |
| | 459 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі | 2 08 604,9 |
| | | 006 | Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару | 59,9 |
| | | 024 | Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер | 1 64 000 |
| | | 038 | Субвенциялар | 43 002 |
| | | 051 | Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін трансферттер | 1 543 |
| | | | 3) Таза бюджеттік кредиттеу | 3 1 597,9 |
| | | | Бюджеттік кредиттер | 60 600 |
| Функционалдық топ | Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері | Бағдарлама | Атауы | 2019 жыл сомасы (мың теңге) |
| 10 | | | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары | 60 600 |
| | 459 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі | 60 600 |
| | | 018 | Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер | 60 600 |
| | | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 2 9 002,1 |
| Санаты | Сынып | Ішкі сынып | Атауы | 2019 жыл сомасы (мың теңге) |
| | | | | |

| | | | | |
|-------------------|-------------------------------------|------------|--|-----------------------------|
| 5 | | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 2 9 002,1 |
| | 01 | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 2 9 002,1 |
| | | 1 | Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу | 2 9 002,1 |
| | | | 4) Қаржы активтермен операциялар бойынша сальдо | 0 |
| | | | Қаржылық активтерді сатып алу | 0 |
| Санаты | Сынып | Ішкі сынып | Атауы | 2019 жыл сомасы (мың теңге) |
| 6 | | | Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер | 0 |
| | 01 | | Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер | 0 |
| | | 1 | Қаржы активтерін ел ішінде сатудан түсетін түсімдер | 0 |
| | | | 5) Бюджет тапшылығы (профициті) | -44 713,4 |
| | | | 6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (бюджет профицитін пайдалану) | 44 713,4 |
| 7 | | | Қарыздар түсімдері | 60 600 |
| | 01 | | Мемлекеттік ішкі қарыздар | 60 600 |
| | | 2 | Қарыз алу келісім-шарттары | 60 600 |
| Функционалдық топ | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | Бағдарлама | Атауы | 2019 жыл сомасы (мың теңге) |
| 16 | | | Қарыздарды өтеу | 2 9 002,1 |
| | 459 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі | 2 9 002,1 |
| | | 005 | Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу | 2 9 002,1 |
| Санаты | Сынып | Ішкі сынып | Атауы | 2019 жыл сомасы (мың теңге) |
| 8 | | | Бюджет қаражатының пайдаланатын қалдықтары | 13115,5 |
| | 01 | | Бюджет қаражаты қалдықтары | 13115,5 |
| | | 1 | Бюджет қаражатының бос қалдықтары | 13115,5 |

2020 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының бюджеті

| Санаты | Сыныбы | К і ш і сыныбы | Атауы | 2020 жыл сомасы (мың теңге) |
|--------|--------|-------------------|--|---|
| | | | 1) Кірістер | 3 473 294 |
| 1 | | | Салықтық түсімдер | 428 009 |
| | 01 | | Табыс салығы | 11 354 |
| | | 2 | Жеке табыс салығы | 11 354 |
| | 03 | | Әлеуметтік салық | 208 762 |
| | | 1 | Әлеуметтік салық | 208 762 |
| | 04 | | Меншікке салынатын салықтар | 84 044 |
| | | 1 | Мүлікке салынатын салықтар | 45 543 |
| | | 3 | Жер салығы | 5 772 |
| | | 4 | Көлік құралдарына салынатын салық | 29 848 |
| | | 5 | Бірыңғай жер салығы | 2 881 |
| | 05 | | Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар | 1 18 857 |
| | | 2 | Акциздер | 2 205 |
| | | 3 | Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер | 1 06 080 |
| | | 4 | Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар | 10 572 |
| | 08 | | Зандық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер | 4 992 |
| | | 1 | Мемлекеттік баж | 4 992 |
| 2 | | | Салықтық емес түсімдер | 5 729 |
| | 01 | | Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер | 3 134 |
| | | 5 | Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер | 2 247 |
| | | 7 | Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар | 31 |
| | | | | |

| | | | | |
|--------------------|--------------------------------------|-------------|---|-----------------------------|
| | | 9 | Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер | 856 |
| | 06 | | Басқа да салықтық емес түсімдер | 2 595 |
| | | 1 | Басқа да салықтық емес түсімдер | 2 595 |
| 3 | | | Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер | 28 137 |
| | 01 | | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату | 1 999 |
| | | 1 | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату | 1 999 |
| | 03 | | Жерді және материалдық емес активтерді сату | 26 138 |
| | | 1 | Жерді сату | 26 138 |
| 4 | | | Трансферттердің түсімдері | 3 011 419 |
| | 02 | | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 3 011 419 |
| | | 2 | Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер | 3 011 419 |
| Функцио-налдық топ | Бюджеттік бағдарла-малардың әкімшісі | Бағдар-лама | Атауы | 2020 жыл сомасы (мың теңге) |
| | | | 2) Шығындар | 3 473 294 |
| 01 | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 3 05 926 |
| | 112 | | Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты | 19 446 |
| | | 001 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 19 446 |
| | 122 | | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты | 1 00 577 |
| | | 001 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 1 00 577 |
| | 123 | | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты | 1 45 304 |
| | | 001 | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 1 45 304 |
| | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 12 151 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және | 12 151 |

| | | | | |
|----|-----|-----|--|--------------|
| | | | автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | |
| | 459 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі | 28 448 |
| | | 001 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 26 595 |
| | | 003 | Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу | 1 273 |
| | | 010 | Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу | 580 |
| 02 | | | Қорғаныс | 13 417 |
| | 122 | | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты | 13 417 |
| | | 005 | Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар | 10 983 |
| | | 006 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою | 1 698 |
| | | 007 | Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар | 736 |
| 03 | | | Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі | 916 |
| | 458 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 916 |
| | | 021 | Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету | 916 |
| 04 | | | Білім беру | 2 489 648 |
| | 123 | | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты | 3 535 |
| | | 005 | Ауылдық жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру | 3 535 |
| | 464 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі | 2 450 586 |
| | | 009 | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету | 1 10 290 |
| | | | | |

| | | | | |
|----|-----|-----|---|--------------|
| | | 003 | Жалпы білім беру | 2 235 664 |
| | | 006 | Балаларға қосымша білім беру | 31 657 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 15 338 |
| | | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары | 2 900 |
| | | 004 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру | 7 846 |
| | | 005 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу | 23 263 |
| | | 015 | Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынғы ақшалай қаражат төлемі | 7 977 |
| | | 022 | Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер | 788 |
| | | 029 | Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету | 14 863 |
| | 465 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі | 35 527 |
| | | 017 | Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру | 35 527 |
| 06 | | | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру | 1 97 299 |
| | 451 | | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі | 1 60 062 |
| | | 002 | Жұмыспен қамту бағдарламасы | 34 298 |
| | | 004 | Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету | 6 724 |
| | | 005 | Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек | 8 313 |
| | | | | |

| | | | | |
|----|-----|-----|---|--------|
| | | 007 | Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек | 16 061 |
| | | 014 | Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету | 60 699 |
| | | 017 | Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну | 4 045 |
